

Ж. Құрбанәлі* , **Н. Мұқаметханұлы** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: zhazi1981@inbox.ru

ХАНЬ ПАТШАЛЫҒЫ МЕН ҮЙСІН ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің арасындағы қарым-қатынастар Жібек жолының қалыптасуы мен дамуының негізін қалаған тарихи феномендердің бірі болып табылады. Бұл байланыстар Шығыс пен Батыс арасындағы сауда мен мәдени алмасудың қозғаушы күші ретінде Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік пен транзиттік тұрақтылықты қамтамасыз етті. Қазіргі кезеңде Еуразиялық экономикалық және мәдени интеграцияны зерттеу тұрғысынан бұл тарихи тәжірибені зерделеу аса өзекті болып отыр, өйткені ол мемлекетаралық әріптестік пен өзара тәуелділік механизмдерінің ерте үлгісін көрсетеді. Зерттеудің негізгі мақсаты – Хань династиясы мен Үйсін елі арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды кешенді түрде талдап, олардың Жібек жолының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін анықтау. Сонымен қатар Хань империясының экономикалық экспансиясы мен Үйсін елінің геосаяси жағдайының сауда жолдарының қауіпсіздігіне және мәдени алмасуға әсерін көрсету көзделді. Бұл зерттеу сапалық және тарихи-салыстырмалы әдістерге негізделді. Алғашқы дереккөздер – ежелгі қытай жылнамалары мен археологиялық материалдар жүйеленіп, олардың мазмұны контент-талдау арқылы өңделді. Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің саяси құрылымы, дипломатиялық миссиялары, экономикалық және мәдени қатынастары салыстырмалы кестелер арқылы талданды. Тарихи-географиялық тәсіл Жібек жолының негізгі бағыттарын, олардың транзиттік маңызын және қауіпсіздік факторларын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері Хань патшалығы мен Үйсін елінің қарым-қатынасы Жібек жолының қалыптасуы мен тұрақтылығына тікелей ықпал еткенін көрсетті. Чжан Цянь бастаған дипломатиялық миссиялар Үйсін елінің әскери қуаты мен геосаяси рөлін анықтап, екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестікті күшейтті. Құда-жекжаттық байланыстар мен одақтасу механизмдері ғұндар экспансиясын әлсіретіп, сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар зерттеу Жібек жолы бойындағы тауарлармен қатар діндер, идеялар, технологиялар мен өсімдік түрлерінің алмасуы өркениеттер арасындағы мәдени интеграцияны күшейткенін дәлелдеді.

Түйін сөздер: Хань патшалығы, Үйсін мемлекеті, Жібек жолы, саяси байланыстар, экономикалық экспансия.

Zh. Kurbanali*, N. Mukamekhanuly

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: zhazi1981@inbox.ru

Relations between the Han dynasty and the Usun state

The relations between the Han Dynasty and the Usun State constitute one of the historical phenomena that laid the foundation for the formation and development of the Silk Road. These ties served as a driving force for trade and cultural exchange between East and West, ensuring regional security and transit stability in Central Asia. From the perspective of studying Eurasian economic and cultural integration today, examining this historical experience is highly relevant as it demonstrates an early model of intergovernmental partnership and interdependence mechanisms. The main objective of the study is to comprehensively analyze the political, economic, and cultural relations between the Han Dynasty and the Usun State and to identify their contribution to the formation and development of the Silk Road. The research also aims to show the impact of the Han Empire's economic expansion and the Usun State's geopolitical position on the security of trade routes and cultural exchange. This study is based on qualitative and historical-comparative methods. Primary sources – ancient Chinese chronicles and archaeological materials – were systematized and processed through content analysis. The political structures, diplomatic missions, economic and cultural relations of the Han Dynasty and the Usun State were analyzed using comparative tables. The historical-geographical approach made it possible to identify the main routes of the Silk Road, their transit significance, and security factors. The results showed that the relations between the Han Dynasty and the Usun State directly influenced the formation and stability of the Silk Road. Diplomatic missions led by Zhang Qian determined the military power and geopolitical

role of the Usun State, strengthening strategic partnership between the two countries. Marriage alliances and coalition mechanisms weakened the Xiongnu expansion and ensured the security of trade routes. In addition, the study demonstrated that, along with goods, religions, ideas, technologies, and plant species also circulated along the Silk Road, reinforcing cultural integration between civilizations.

Keywords: Han Dynasty, Usun State, Silk Road, political relations, economic expansion.

Ж. Құрбанәлі*, Н. Мұқаметханұлы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: zhazi1981@inbox.ru

Отношения между династией Хань и государством Усунь

Отношения между династией Хань и государством Усунь являются одним из исторических феноменов, которые заложили основу формирования и развития Великого Шёлкового пути. Эти связи служили движущей силой торговли и культурного обмена между Востоком и Западом, обеспечивая региональную безопасность и транзитную стабильность в Центральной Азии. С точки зрения изучения евразийской экономической и культурной интеграции в настоящее время исследование данного исторического опыта является особенно актуальным, так как демонстрирует раннюю модель межгосударственного партнёрства и механизмов взаимозависимости. Основная цель исследования – комплексный анализ политических, экономических и культурных связей между династией Хань и государством Усунь и определение их вклада в формирование и развитие Шёлкового пути. Также исследование направлено на выявление влияния экономической экспансии империи Хань и геополитического положения Усунь на безопасность торговых путей и культурный обмен. Исследование основано на качественных и историко-сравнительных методах. Первичные источники – древнекитайские хроники и археологические материалы – были систематизированы и обработаны методом контент-анализа. Политическая структура, дипломатические миссии, экономические и культурные отношения династии Хань и государства Усунь анализировались с использованием сравнительных таблиц. Историко-географический подход позволил выявить основные направления Шёлкового пути, их транзитное значение и факторы безопасности. Результаты показали, что отношения между династией Хань и государством Усунь напрямую повлияли на формирование и устойчивость Шёлкового пути. Дипломатические миссии во главе с Чжан Цяном определили военную мощь и геополитическую роль Усунь, усилив стратегическое партнёрство между двумя государствами. Родственные связи и механизмы союзнчества ослабили экспансию хунну и обеспечили безопасность торговых путей. Кроме того, исследование показало, что наряду с товарами по Шёлкового пути распространялись религии, идеи, технологии и виды растений, что способствовало культурной интеграции между цивилизациями.

Ключевые слова: династия Хань, государство Усунь, Шёлкового путь, политические связи, экономическая экспансия.

Кіріспе

Хань патшалығы (б.з.д. 206 ж. – б.з. 220 ж.) мен Орталық Азиядағы көшпелі Үйсін мемлекеті арасындағы дипломатиялық, экономикалық және әскери қатынастар Еуразия кеңістігіндегі тарихи үдерістерге айрықша ықпал етті (Winancy, 2025: 40), (Keyworth, 2022). Бұл байланыстар тек аймақтық емес, халықаралық деңгейдегі сауда, мәдени және технологиялық алмасулардың бастамасы ретінде Жібек жолының қалыптасуына негіз болды (Wang & Zhao, 2011), (Liu, 2024: 140). Батыс Хань дәуіріндегі Неқін саясаты мен қалыңдық алмасу тәжірибесі мемлекеттер арасындағы сенім мен стратегиялық одақтарды нығайтып, Жібек жолының ерте кезеңдерінде сауда мен дипломатияны дамытуға жағдай жасады.

Хань патшалығының батыс аймақтарға бағытталған саясаты б.з.д. 138 жылы Чжан Цянь бастаған алғашқы дипломатиялық миссиядан басталып, б.з.д. 60 жылы Батыс өңірлер протекторатының құрылуымен институционалдық сипат алды (Shulga et al., 2021: 1167), (Akeje, 2021: 69). Чжан Цяньнің Батыс аймақтарға екі рет жасаған сапары Қытайдың орталық жазықтарын Орталық Азияның негізгі мәдени-экономикалық орталықтарымен байланыстырып, жаңа трансконтиненталдық бағыттардың қалыптасуына себеп болды (Malkov, 2014), (Xiong et al., 2022). Бұл миссиялар Хань патшалығының сыртқы саясатындағы бетбұрыс кезеңі ретінде Жібек жолының нақты бағыт ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Жібек жолы Қытайдың орталық жазықтарын Орталық және Батыс Азиямен, сондай-ақ Оңтүс-

тік Азиямен байланыстырып, тауарлармен қатар идеялар, технологиялар мен діни ілімдердің де алмасуына жағдай жасады (Luan et al., 2022), (Komissarov et al., 2020). Бұл жолдың бойындағы сауда және мәдени алмасулар тек экономикалық байланыстарды нығайтып қана қоймай, өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастық пен интеграциялық үдерістерді жеделдетті (Niazai et al., 2025), (Хіаоу, 2022). Жібек жолы сондай-ақ Соғды, Парфия, Үндістан және Жетісу аймақтарындағы жергілікті саудагерлер мен дипломаттардың ықпалымен кеңейіп, олардың мәдени тәжірибелері мен шаруашылық үлгілерінің таралуына жол ашты (Toktogulova & Zhuang, 2020), (Normatov, 2020), (Pulleyblank, 1952).

Үйсін мемлекеті мен Хань патшалығы арасындағы қатынастардың тереңдеуі екі жақтың да саяси әрі экономикалық мүдделеріне сай келді. Хань империясы үшін Үйсін елі батыс шекараларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, Хунну экспансиясына қарсы одақтас табуда және өз ықпалын Орталық Азияда кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық серіктес болды (Xiong et al., 2022). Үйсін елі болса, Хань империясымен дипломатиялық байланыс орнату арқылы өз тәуелсіздігін сақтап, көшпелі мемлекеттердің қысымынан қорғануға ұмтылды.

Сонымен қатар, Шыңжаң аймағы мен Саян-Алтай мәдениеттерінің тарихи байланыстары Жібек жолының солтүстік бағыттарының қалыптасуына алғышарт болды. Бұл бағыттар арқылы тек тауар ғана емес, әлеуметтік тәжірибелер, діни идеялар мен мемлекеттік басқару үлгілері де таралып, Еуразиядағы өркениеттердің тоғысуын қамтамасыз етті. Соғды көпестерінің Дуньхуан мен Тұрпан сияқты қалалардағы рөлі Жібек жолының транзиттік маңызын арттырып, Қытай мен түркі халықтары арасындағы мәдени және экономикалық өзара ықпалдастықты күшейтті (Normatov, 2020), (Pulleyblank, 1952).

Осылайша, Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің арасындағы қатынастар тек саяси және әскери мәселелермен шектелмей, Еуразия құрлығындағы мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара ықпал мен қарым-қатынастың кеңістігі ретінде Жібек жолының қалыптасуына үлес қосты. Бұл байланыстар Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы сауда, мәдениет және идеялар алмасуына кеңістік ашып, Жібек жолының тарихи рөлін күшейтті. Қазіргі таңда осы қатынастарды зерттеу Еуразиялық кеңістіктегі тарихи сабақтастықты, аймақтық ынтымақтас-

тық пен интеграциялық үрдістердің бастауын түсінуге мүмкіндік береді.


Әдебиетке шолу

Б.з.д. I ғасырдан бастап Орталық Азияда екі ірі саяси күштің – Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің арасындағы қатынастар ерекше маңызға ие болды. Бұл екі мемлекеттің байланыстары тек әскери және саяси сипатпен шектелмей, мәдени және сауда-экономикалық аспектілерді де қамтыды. Хань патшалығы Қытайдың ішкі саясатын күшейтіп, сыртқы саясатында Орталық Азиямен байланыс орнатуға ұмтылды, ал Үйсін мемлекеті өзінің географиялық орналасуы мен стратегиялық маңызы арқылы Хань империясына маңызды серіктес ретінде қалыптасты.

Үйсіндер мен Хань патшалығы арасындағы қатынастар күш көрсету немесе қақтығыстармен қатар дипломатиялық келіссөздер, одақтас-тық қатынастар және сауда жолдарының қалыптасуымен де ерекшеленді. Бұл кезеңдегі тарихи деректер мен зерттеулер Хань мен Үйсіннің өзара ықпалдастығы тек саяси қатынастарды ғана емес, сонымен қатар халықтардың мәдени байланыстарын, этникалық араласуын және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетеді.

Ежелгі Хань патшалығы б.з.д. 202–б.з. 220 жылдар аралығында Лю әулетінің билігімен Қытайда дамыған мемлекеттік құрылым болды. Қытай халқының негізгі этникалық тобының Хань атауын алуы патшалықтың тарихи орны мен маңызын дәлелдейді. Бұл кезеңдегі Хань патшалығының тарихы мен саясаты Ханьшу сияқты негізгі дереккөздерде сақталған, онда б.з.д. 206 жылдан б.з. 25 жылына дейінгі оқиғалар жүйелі түрде баяндалған (Kuner, 1961: 117-6).

Б.з.д. 141 жылы таққа отырған император Хань У Ди Хань патшалығының әскери қуатын күшейтіп, ғұндар экспансиясына қарсы стратегиялық жоспарлар құра бастады. Қытай деректерінде ғұндарға қарсы күресте мықты одақтас іздеу саясаты айқын көрінеді. Осы мақсатпен б.з.д. 138 жылы Чжан Цянь бастаған алғашқы дипломатиялық миссия ұйымдастырылып, оның нәтижесінде Хань патшалығының Батыс өңірлермен байланысын орнатуға жол ашылды. Бұл сапар барысында Жетісу мен Әмудария өңірінің көшпелі тайпалары, соның ішінде Үйсін мемлекеті туралы маңызды мәліметтер жинақталды.



1-сурет – Хан патшалығы

Б.з.д. I ғасыр мен б.з. II ғасырда Хань патшалығы мен Үйсін мемлекеті Орталық Азиядағы маңызды саяси, мәдени және сауда серіктестері ретінде танылды. Хань патшалығы өз ықпалын арттыру мақсатында Үйсіндермен дипломатиялық қатынастар орнатып, әскери және экономикалық байланыстарды нығайтты. Ал Үйсіндер өз кезегінде Хань патшалығының аймақтағы күшін мойындап, өздерінің тәуелсіздігін сақтап, тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін одақтастық келісімдер жасады.

Осылайша, тарихи деректер мен зерттеулер көрсеткендей, Хань мен Үйсін арасындағы қатынастар Орталық Азиядағы геосаяси, экономикалық және мәдени үдерістердің ажырамас бөлігі болып, аймақтық интеграция мен өркениеттік алмасулардың дамуына негіз қалады.

Әдістеме

Бұл зерттеу сапалық (qualitative) және тарихи-салыстырмалы (historical-comparative) әдістерді үйлестіре отырып жүргізілді. Біріншіден, Хань династиясы мен Үйсін мемлекетіне қатысты алғашқы дереккөздер – ежелгі қытай жылнамалары (Ханышу, Шицзи, Сыма Цянь еңбектері) және археологиялық деректер талданды. Бұл де-

реккөздер Жібек жолының қалыптасуы мен дипломатиялық миссиялардың сипатын көрсетуге мүмкіндік берді.

Екіншіден, қазіргі заманғы зерттеушілердің еңбектері, халықаралық ғылыми мақалалар мен монографиялар (Қытай, Қазақстан және басқа елдердің авторлары) контент-талдау әдісімен қарастырылды. Бұл тәсіл тарихи оқиғаларды контекстуализациялап, саяси, экономикалық және мәдени факторлардың өзара байланысын айқындауға көмектесті.

Үшіншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің саяси құрылымы, дипломатиялық саясат, экономикалық және мәдени қатынастары салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды. Салыстырмалы кестелер мен индикаторлар (саяси құрылым, дипломатия, экономика, мәдени байланыстар, әскери қыр, геосаяси маңызы) бойынша талдау жасалды.

Төртіншіден, зерттеу барысында тарихи-географиялық тәсіл қолданылып, Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің Еуразия кеңістігіндегі стратегиялық орналасуы, Жібек жолының негізгі бағыттарындағы рөлі мен транзиттік маңызы қарастырылды. Бұл Жібек жолының дамуына ықпал еткен ішкі және сыртқы

факторларды анықтауға, сондай-ақ саяси тұрақтылық пен сауда жолдарының қауіпсіздігінің рөлін ашуға мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеу әдіснамасы бір мезгілде тарихи деректердің тереңдігі мен заманауи теориялық тұрғыларды біріктіріп, Хань патшалығы мен Үйсін елі арасындағы қарым-қатынастардың Жібек жолының қалыптасуындағы орнын кешенді түрде сипаттауға бағытталды.

Нәтижелер және талқылау

Орталық Азиядағы Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің тарихи дамуы мен олар-

дың өзара қарым-қатынасы саяси, экономикалық және мәдени байланыстар тұрғысынан алғанда ерекше маңызға ие. Осы кезеңде екі мемлекет бір-бірімен тек әскери және дипломатиялық қатынастарды ғана дамытып қоймай, сонымен бірге аймақтық сауда, мәдени ықпалдастық және этникалық араласудың да алғышартын қалыптастырды. Хань патшалығының орталықтандырылған империялық құрылымы мен Үйсін мемлекетінің көшпелі-тайпалық жүйесі арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ олардың сыртқы саясатындағы ортақ ұмтылыстар, аймақтағы геосаяси жағдайды айқындап берді.

1-кесте – Хань патшалығы мен Үйсін мемлекеті: Салыстырмалы талдау кестесі

Көрсеткіш/Қыр	Хань патшалығы (б.з.д. 206 – б.з. 220)	Үйсін мемлекеті (б.з.ж. I ғ. – б.з. II ғ.)	Ұқсастықтар/ Ортақ тұстар
Саяси құрылым	Орталықтандырылған империялық билік, Лю әулеті басқарады, әкімшілік жүйе дамыған (Akishev, 1963).	Көшпелі сипаттағы тайпалық-монархиялық құрылым, күнби басқарды (Bartold, 1963).	Екі мемлекетте де билік әулеттік мұрагерлікпен берілді, жоғары билік символдық маңызға ие болды.
Дипломатиялық саясат	Батысқа бағытталған миссиялар, одақтар және Неқін саясаты (Akishev, 1963).	Ханьмен одақтасу арқылы ғұндардан қорғану, сауда жолдарын қорғау (Qian & Watson, 1993).	Екі тарап та өз шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дипломатиялық келісімдер жасады.
Экономика және сауда	Жібек, қолөнер бұйымдары, дәрі-дәрмек экспорттады; Жібек жолы арқылы сауда кеңейді (Akishev, 1963).	Мал шаруашылығы өнімдері, жылқы, терілер экспортталды; транзиттік саудаға үлес қосты (Ualikhanov, 1865)	Екі мемлекет арасындағы сауда Жібек жолының дамуына ықпал етті.
Мәдени байланыстар	Қытай жазуы мен технологиялары таралды, конфуцийлік идеялар ықпал етті (Akishev, 1963).	Үйсіндер қытай мәдениетінің кейбір элементтерін қабылдады, ал өз мәдениетін таныстырды (Ban, 1963).	Екіжақты мәдени ықпалдастық өркениеттерді жақындатты.
Әскери қыр	Ғұндарға қарсы әскери компаниялар, батыс аймақтарда гарнизондар орналастырды (Akishev, 1963).	Ғұндардан қорғану үшін одақтар жасады, атты әскер басым болды (Qian & Watson, 1993).	Қауіпке қарсы одақтасу, әскери ресурстарды үйлестіру
Геосаяси маңызы	Батыс аймақтармен транзит пен мәдени алмасуды бақылау (Akishev, 1963).	Жетісу өңіріндегі стратегиялық қақпа ретінде Хань үшін маңызды (Mingzhan, 1993).	Екі мемлекет те еуразия кеңістігіндегі транзиттік және стратегиялық маңызға ие болды.

Салыстырмалы талдау нәтижелері Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің тарихи дамуы мен өзара қарым-қатынасының көпқырлы сипатын айқын көрсетті. Ең алдымен, саяси құрылым тұрғысынан екі мемлекет те биліктің әулеттік мұрагерлігін сақтай отырып, әртүрлі басқару жүйесін қолданғаны байқалады. Хань патшалығы орталықтандырылған империялық

әкімшілікке сүйенсе, Үйсін мемлекеті көшпелі тайпалық-монархиялық құрылымды ұстанды, бірақ сонымен қатар аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылды.

Дипломатиялық саясаттағы салыстыру нәтижесі Хань патшалығының Батыс өңірлермен елшілік алмасып, Неқін (қалыңдық алмасу) саясаты арқылы одақтастық байланыстарды ны-

ғайтқанын көрсетті. Ал Үйсін мемлекеті Ханьмен одақтасу арқылы ғұндардан қорғануды, сауда жолдарын қорғауды және аймақтық беделін арттыруды көздеді. Бұл екіжақты байланыстар Ұлы Жібек жолының ерте қалыптасуына және транзиттік сауданың дамуына қолайлы орта туғызды.

Экономикалық саладағы талдау да маңызды нәтижелер көрсетті: Хань патшалығы негізінен жібек, қолөнер бұйымдары мен дәрілік заттарды экспорттаса, Үйсін мемлекеті жылқы, мал өнімдері мен терілерді жеткізіп отырған. Мұндай тауарлық айырбас екі мемлекеттің өзара тәуелділігін арттырып, Жетісу өңірінің транзиттік маңызын күшейтті.

Мәдени байланыстар тұрғысынан Хань патшалығының жазу, технология және идеялары Үйсін қоғамына таралса, Үйсіндер өз тарапынан көшпелі мәдениет үлгілерін қытай жұртына таныстырды. Бұл мәдени алмасу өркениеттердің жақындасуына, этникалық араласуға және жаңа мәдени-әлеуметтік тәжірибелердің қалыптасуына ықпал етті.

Әскери саладағы салыстыру Хань мен Үйсіннің сыртқы қауіптерге қарсы одақтасып әрекет еткенін көрсетті. Хань империясы батыс аймақтарда гарнизондар орналастырып, қауіпсіздік шараларын күшейтсе, Үйсін мемлекеті атты әскерін нығайтып, аймақтық қорғаныс жүйесін құруға басымдық берді.

Жалпы алғанда, салыстырмалы талдау Хань патшалығы мен Үйсін мемлекеті арасындағы қатынастардың тек саяси немесе экономикалық байланыстармен шектелмей, геосаяси, мәдени және этникалық өлшемдерде де тереңдегенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде Орталық Азиядағы аймақтық интеграцияның ерте үлгісін көрсетіп, Жібек жолы дәуірінің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқанын айқындайды.

Жүргізілген тарихи-деректік зерттеу Хань патшалығының Қытайда біртұтас абсолюттік феодалдық мемлекет қалыптастырған Цинь династиясының (б.з.д. 221–207 жж.) мұрагері ретінде орталықтанған басқару жүйесін нығайтқанын және сыртқы саясатта Орталық Азия мемлекеттерімен байланысын дамытқанын айқындайды. Хань әулеті екі кезеңнен тұрды: Батыс Хань (б.з.д. 206 – б.з. 8 жж.) және Шығыс Хань (б.з. 25–220 жж.), Қытай тарихындағы аса маңызды патшалық ретінде өзін көрсетті. Әулет билікті орталыққа шоғырландыруды жалғастырып, жергілікті жерлерді бақылауды күшейтті, «тыныстап, ес жинап етек жабу» саясатын жү-

зеге асырып, салықты азайтты, халықты ауыл шаруашылығын дамытуға ынталандырып, экономиканы қалпына келтіріп, қоғамдық тәртіпті жақсартты. Соның нәтижесінде әлеуметтік экономикасы дамып, сауда-базарлары гүлденді, қолөнер кәсібі мен қару-жарақ жасау деңгейі көтерілді, демографиясы 5 млн 291 мың адамға жетті.

Зерттеу көрсеткендей, Хань патшалығы өзінің дамуы барысында шетелге тауар экспорттауға кірісті. Алайда оның батыс-солтүстігін алып жатқан және Хань патшалығына өктемдік көрсетіп тұрған Ғұн империясы (б.з.д. 209 ж. құрылған) күшейген еді. Қытай деректеріне сәйкес, отырықшы Хань империясы мен көшпелі Ғұн империясы Азия құрлығында тұрақты текетірес жағдайында тұрды. Бастапқыда Хань патшалығы ғұндарға ханшаларын беріп, құдандалы болып, олардың шапқыншылығын азайтуды көздеді, осылайша әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуға мүмкіндік алды. Бірақ кейін патшалық күшейген соң ғұндарға қарсы шабуыл жасауға көшті.

Ғұндарға қарсы соғысуға одақтас іздеген Хань билеушілері кезінде ғұндардан жеңіліп, Орталық Азияға кеткен жүзілерді есіне алды. Олар ғұндардан кегін қайтару үшін бізбен одақтасады деген үмітпен Чжан Цяньді елші етіп тағайындап, б.з.д. 138 жылы батыс өңіріне аттандырды. Чжан Цянь бастаған елшілер Жетісу жерінде болып, үйсін елі туралы алғашқы нақты хабарларды жеткізді. Оның хабарлауынша, үйсін елінің тайпаларының саны 630 мың, жеңімпаз әскері 188 800 адам болған, атты әскерлер мен шабуыл қимылдарына үйретілген садақшылардан құрылған қуатты бірлестік еді.

Зерттеу барысында анықталғандай, Хань патшалығының Сырдариядан батысқа қарайғы жерлердің билеушілерімен достық байланыс орнатуға ұмтылуы және осы өңірге үйсіндердің жері арқылы ғана жетуге болатындығы Үйсін мемлекетінің стратегиялық рөлін күшейтті. Чжан Цяньнің миссиясы Үйсін күнбиін Хань патшалығымен одақ жасауға көндіруге бағытталды, өйткені Хань билігі ғұндармен соғысты қайта жаңғыртуды көздеді. Ұлы жүздермен одақтасуды жүзеге асыра алмаған Хань патшалығы енді үйсіндермен одақтасуға көшті. Чжан Цянь У Ди патшаға берген ұсынысында үйсіндердің күшейіп, ғұндарға бағынудан бас тартқанын айтып, оларды шығыстағы атамекеніне қайтарып әкеліп, одақтастырып ғұндарға соққы беруді жоспарлады.

Алайда зерттеу көрсеткендей, Үйсін күнбиі Елжау би шығысқа көшу ұсынысын қабылдамады. Үйсіндер үшін Іле алқабы мен Жетісудың құнарлы қонысына орнығып қалу тиімді болды. Соған қарамастан, Үйсін күнбиі Хань патшалығының жай-жапсарын білу мақсатында Чжан Цяньмен бірге өз елшілерін Қытайға жіберді. Бұл елшіліктерде тарту-таралғы алмасу және өзара ақпарат алмасу дәстүрі қалыптасты.

Құдандалық байланыстар зерттеу барысында маңызды стратегиялық фактор ретінде анықталды. Үйсін күнбиі күнбидің қытай ханшайымының қолын сұрауы, ал У Ди патшаның Шижун ханшаны Үйсінге ұзатуы екі ел арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге көтерді. Үйсіндер жүздеген жылқы тарту етсе, Хань патшалығы өз тарапынан алтын, күміс, торғын-торқа және бағалы бұйымдар жіберді. Бұл құдандалық тәжірибе Үйсін мен Хань патшалығының арасындағы әскери-саяси одақтың нығаюына, ғұндарға қарсы стратегиялық тепе-теңдік орнатуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеу Үйсін ордасындағы ішкі билік күресі мен гуньмо билігінің бөлінуі аймақтық саяси ахуалды күрделендіргенін көрсетті. Үйсін мемлекетінің үш бөлікке бөлінуі (Далуда, Ценцоуда және ескі Гунмода 10 000 әскери бірлік болуы) биліктің тұрақсыздығын туғызды, алайда соған қарамастан олар Хань патшалығымен дипломатиялық байланысын үзген жоқ.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды нәтиже – Хань патшалығының Жібек жолының жекелеген учаскелерін бақылайтын мемлекеттермен тығыз дипломатиялық байланыс орнатуға ұмтылысы. Бұл сауда қатынастарында тұрақтылық орнатып, жергілікті саяси жағдайды бақылауға мүмкіндік берді. Сыма Цянның жазбаларында Жібек жолымен бірге жыл сайын императорлардан ондаған елшіліктің жіберілгені, ал олардың нәтижесінде Хань империясының саяси-экономикалық ықпалы артқаны баяндалады.

Үйсіндердің Хань патшалығымен одақтасуы оларды ғұндардың ықпалынан алшақтатты. Б.з.д. 108 жылы У Ди патшаның өзінің туысы Шижун ханшаны Үйсін күнбиі Елжау биге ханымдыққа ұзатуы осы стратегиялық саясаттың айқын көрінісі болды. Бұл салтанатты тойға жүздеген нөкер, алтын-күміс, бағалы заттар тарту етілді, ал үйсіндер өз кезегінде 1000 жылқы сыйға тартты.

Зерттеу материалдары көрсеткендей, Хань патшалығының құдандалық байланысы мен дипломатиясы ғұндардың қыспағын әлсіретуге

ғана емес, Үйсіндерді стратегиялық серіктес ретінде бекітуге бағытталды. Осы саяси-дипломатиялық қадамдар нәтижесінде ғұндардың батыс өңірдегі ықпалы әлсіреп, Хань патшалығының беделі күшейді.

Үйсін елінің Хань патшалығымен байланысы нығайған сайын оның мемлекеттік беделі артты, аймақтық ықпалы кеңейді. Ғұндарға тәуелді болған көрші елдер Хань мен Үйсіннің қамқорына ұмтылды. Үйсін күнбиі Оңғай би өзінің үлкен ұлы Янгүй биге Хань ұрпағынан қалыңдық айттырып, «сүйек жаңғырту» дәстүрін жалғастырды. Бұл да Хань мен Үйсін арасындағы стратегиялық қатынастарды бекіте түсті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің қарым-қатынасы саяси, әскери, дипломатиялық, мәдени және экономикалық тұрғыдан көпқырлы әрі динамикалық болғанын көрсетеді. Чжан Цянь миссиясы, елшіліктер алмасу, құдандалық байланыстар және бірлескен әскери әрекеттер екі мемлекеттің ғұндарға қарсы стратегиялық тепе-теңдік орнатуына, Жібек жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне және Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің ерте үлгісін қалыптастыруына жол ашты. Бұл байланыстар тек саяси одақтасу шеңберінде қалмай, мәдени ықпалдас-тық пен этникалық араласуға, экономикалық тәуелділіктің қалыптасуына, өркениеттік тәжірибелердің таралуына негіз болды.

Талқылау

Бұл зерттеу Хань династиясы мен Үйсін елінің өзара қатынастары Жібек жолының қалыптасуы мен орнығуына жүйелі түрде ықпал еткенін көрсетеді. Ең алдымен, Хань империясының батысқа бағытталған экономикалық экспансиясы мен Үйсіндердің геосаяси орны трансконтиненттік сауда инфрақұрылымының ұйытқысына айналды: сауда жолдарын қорғау, керуен қозғалысын қамтамасыз ету және «қауіпсіздік белдеуін» қалыптастыру екі жақтың да ұзақмерзімді мүддесіне сай болды (Knutson, 2020: 619), (Blaydes & Paik, 2020: 115). Бұл тұжырым Жібек жолының тек экономикалық емес, институционалдық және саяси өлшемдерден тұратынын айқындайды.

1) Экономикалық-саяси архитектура және фрагментацияның әсері

Сауда мен саяси фрагментация арасындағы байланысқа қатысты қазіргі экономикалық-саяси талдаулар Жібек жолы кеңістігінде алмасу көлемі артқан сайын өңірлік билік орталықта-

рының да көбейгенін, алайда бұл құбылыс сауда желісін үзіп-жармай, керісінше, бөсекелі түйіндер арқылы оның орнықтылығын күшейткенін көрсетеді (Blaydes & Paik, 2020: 115). Біздің деректерде Хань–Үйсін одағы «қауіпсіздік пен транзит» пакетін ұсыну арқылы өңірлік фрагментацияның теріс салдарын жұмсартқанын байқаймыз: әскери эскорттар, дипломатиялық келісімдер мен құда-жекжаттық механизмдер (heqin) сенім капиталының жинақталуына қызмет етті (Knutson, 2020: 619), (Blaydes & Paik, 2020: 115).

2) Қауіпсіздік, одақтар және сауда ағындары

Хунну сияқты көшпелі бірлестіктердің қысымы Ханьды батыс шекараларда сенімді серіктестер іздеуге итермеледі; бұл тұрғыдан Үйсіндер геосаяси «көпір» қызметін атқарды (Xiong et al., 2022). Қауіпсіздік пен логистиканың үйлесуі (бекеттер, күзет, маусымдық маршруттар) сауда тәуекелін азайтып, транзакциялық шығындарды төмендетті. Соның нәтижесінде, Жібек жолындағы сауда ағындары тек көлем жағынан ғана емес, тауар-қызмет спектрі жағынан да күрделене түсті (Jargalsaikhan et al., 2024). Бұл – одақтық келісімдердің нарықтық интеграцияны жеделдетінін көрсететін айқын тарихи мысал.

3) Материалдық мәдениет, агроботаника және «биоалмасу»

Археоботаникалық және этноботаникалық деректер Жібек жолы арқылы экономикалық өсімдіктердің (дәнді-дақылдар, бау-бақша өнімдері, бояғыш, дәрілік өсімдіктер) екі бағытта таралғанын растайды (Wang et al., 2022). Ортағасырлық Бухара маңы (Пайкенд) сияқты түйінқалалардың стратиграфиялық қабаттары сауда-егіншілік симбиозын дәлелдейді: аграрлық ассортименттің кеңеюі қала-дала өзара тәуелділігін күшейткен (Mir-Makhamad et al., 2021: 195-199). Бұл құбылыс Хань–Үйсін дәуірінен бастау алған айырбас логикасының кейінгі кезеңдерде де үзілмей жалғасқанын көрсетеді (Wang et al., 2022).

4) Идеялар, діндер және әлеуметтік-мәдени диффузия

Сауда тек тауар ғана емес, діндер мен идеялардың, технологиялық дағдылардың қозғалысына да арна ашты. Қарастырылған деректерді синтездей отырып, саудагер топтардың араласуы діни конверсиялар мен мәдени гибридизация процестерін жеделдеткенін көреміз (Bin, 2023). Торап-қалаларда пайда болған көптілді, көпдінді орта мәдени делдалдықтың (cultural brokerage) тұрақты институттарына айналды (Jargalsaikhan et al., 2024), (Bin, 2023), (G.I., S., & K., A., 2021).

Бұл, өз кезегінде, «сауда-қала-білім» үштігіндегі кумулятивті әсер арқылы Жібек жолының әлеуметтік капиталын ұлғайтты.

5) «Жібек жолы моделі» және археологиялық валидация

«Жібек жолы моделі» (Silk Road model) археологиялық материалдармен нығаяды: маршруттық инфрақұрылым, сауда-қойма орындары, шеберханалар мен тұрмыстық артефактілер, сондай-ақ биоархеологиялық деректер (астық қалдықтары, тозандары) кең ауқымды алмасудың ұзақ мерзімдік сипатын дәлелдейді (Knutson, 2020: 619). Хань–Үйсін кезеңіндегі саяси-дипломатиялық шешімдер дәл осы материалдық іздер арқылы ретроспективті түрде «өлшенеді» және аймақаралық ықпалдастықтың тегіктерін нақтылауға мүмкіндік береді (Knutson, 2020: 619), (Mir-Makhamad et al., 2021: 195-199), (Wang et al., 2022).

6) Тарихи сабақтастық және кеңістік-уақыттық трансформация

Моңғол даласы мен Орталық Азия кеңістігінің кейінгі экономикалық тарихына арналған еңбектер (сауда бағыттарының эволюциясы, түйін-қалалардың мәртебесінің өзгеруі) ерте қалыптасқан қауіпсіздік-сауда режимдерінің ұзақ мерзімдік инерциясын байқатады (Jargalsaikhan et al., 2024). Осыдан Хань–Үйсін серіктестігінің мәні тек «локальды» немесе «қысқа кезеңдік» емес, аймақтық экономикалық географияны қайта құраған құрылымдық фактор болғанын түйеміз (Blaydes & Paik, 2020: 115), (Jargalsaikhan et al., 2024), (Bin, 2023).

7) Шектеулер және болашақ зерттеу бағыттары

Тарихи-археологиялық деректердің біркелкі бөлінбеуі (тарихи жазбалардың «орталық» көзқарасқа бейімділігі, далалық зерттеулер тығыздығының әркелкілігі) интерпретацияда абай болуды талап етеді. Генетикалық-демографиялық деректер (миграция, популяциялық араласу) саяси-экономикалық оқиғалармен бірге қарастырылғанда ғана толық картина қалыптасады (Xiong et al., 2022). Болашақта көпсалалы (археоботаника, изотоптық талдау, кеңістік-уақыттық эконометрика) деректерді біріктіру Хань–Үйсін кезеңіндегі алмасудың қарқындылығы мен бағыттарын жоғары дәлдікпен картаға түсіруге мүмкіндік береді (Knutson, 2020: 619-630), (Mir-Makhamad et al., 2021: 195-199), (Wang et al., 2022).

Осылайша, Хань патшалығы мен Үйсіндер арасындағы қарым-қатынастар – Орталық Азия тарихының маңызды кезеңі болып табылады.

Олар тек қана саяси және экономикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар мәдени тұрғыдан да үлкен ықпал етіп, кейінгі ұрпақтарға осы тарихтың мәнін көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Хань патшалығы мен Үйсін мемлекеті арасындағы қарым-қатынастардың Орталық Азия мен Қытай арасындағы ықпалдастықтың кеңеюіне шешуші рөл атқарғанын көрсетті. Бұл байланыстар тек саяси және әскери мақсаттармен шектелмей, мәдени, экономикалық және дипломатиялық өлшемдерге дейін таралып, Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуына берік негіз қалады.

Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің сыртқы қауіптерге қарсы тұру үшін жасаған стратегиялық одақтары аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етті. Бұл одақтар – хуннулардың қысымын әлсіретіп, Жібек жолы бойындағы сауда және мәдени алмасуды қауіпсіз етуге бағытталған тарихи қадамдар болды. Қалыңдық алмасу, елшіліктер жіберу және дипломатиялық миссиялар арқылы сенім орнап, байланыстардың тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, Ұлы Жібек жолы арқылы жібек, дәрі-дәрмек және жоғары сапалы қолөнер бұйымдарының тасымал-

дануы Хань патшалығы мен Үйсін елінің өзара саудасын жандандырып, екі жақтың да экономикалық тұрақтылығын арттырды. Үйсіндер ұсынған мал шаруашылығы өнімдері мен көшпелі қоғамға тән тауарлар Қытайға транзиттік маңызды шикізат ретінде жеткізіліп, олардың әлеуметтік-мәдени дамуына да ықпал етті.

Хань–Үйсін қатынастарының геосаяси маңызы да айқындалды: олар Орталық Азиядағы халықаралық саясаттың, қауіпсіздік архитектурасының және транзиттік дәліздердің қалыптасуына әсер етті. Бұл стратегиялық қадамдар тек екі елдің ғана емес, Еуразия кеңістігінің көпжақты байланыстарын күшейтіп, өркениеттердің өзара ықпалдасуын тездетті.

Жалпы алғанда, Хань патшалығы мен Үйсін мемлекетінің арасындағы қарым-қатынастар Орталық Азия тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықтың ерте үлгісін көрсетті. Бұл байланыстардың сабақтастығы кейінгі дәуірлердегі аймақтық ынтымақтастыққа жол ашып, Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы идеялар мен технологиялардың таралуына негіз болды. Осылайша, зерттеу көрсеткендей, Хань мен Үйсін арасындағы тарихи байланыстар тек өткеннің шындығы емес, бүгінгі интеграциялық процестерді түсінуге мүмкіндік беретін құнды тәжірибе болып табылады.

Әдебиеттер

- Winancy W. (2025) Heqin policy during the Western Han Dynasty contributed accidentally to the Silk Road trade development // *Communications in Humanities Research*. 56(1), p. 40. <https://doi.org/10.54254/2753-7064/2024.21068> (Ағылшын)
- Keyworth G. A. (2022) Did the Silk Road(s) extend from Dunhuang, Mount Wutai, and Chang'an to Kyoto, Japan? // In: *Silk Roads Studies*. https://doi.org/10.1163/9789004508446_003 (Ағылшын)
- Wang X., Zhao J. (2011) The cultural exchange between Sino-Western: Silk trade in Han Dynasty // *Asian Culture and History*. 4(1). <https://doi.org/10.5539/ach.v4n1p13> (Ағылшын)
- Liu C. (2024) The Silk Road: A modern analogy of globalization and cultural exchange // *Communications in Humanities Research*. 28(1), p. 140. (Ағылшын)
- Shulga P. I., Shulga D. P., Hasnulina K. A. (2021) Genesis of the Silk Road and its Northern directions // *Journal of Siberian Federal University Humanities & Social Sciences*. 14(8), pp. 1167. <https://doi.org/10.17516/1997-1370-0807> (Ағылшын)
- G.I. S., Akeje K. (2021) Developmental historiography of the ancient Silk Road // *African Journal of Culture, History, Religion and Tradition*. 4(1), p. 69. <https://doi.org/10.52589/ajchrt-a7od6ndn> (Ағылшын)
- Malkov A. (2014) The Silk Roads: a mathematical model // *Cliodynamics The Journal of Quantitative History and Cultural Evolution*. 5(1). P. 10-22. (Ағылшын)
- Xiong J. et al. (2022) Sex-biased population admixture mediated subsistence strategy transition of Heishuiguo people in Han Dynasty Hexi Corridor // *Frontiers in Genetics*. P. 1-13. (Ағылшын)
- Luan S., Li Y., Ma X. (2025) Defense layout characteristics of Tang dynasty military sites in Aksu prefecture of China // *Tang Military Studies*. (Ағылшын)
- Комиссаров С. А., Tang C., Soloviev A. I., Kudanova M. A. (2020) Silk Road as a space of Eurasian cultural communication and transmission. (Ағылшын)
- Niazai M., Yar F. G. M. (2025) The Silk Road and Afghanistan: a nexus of trade, culture, and geopolitical exchange // *Central Asian Studies*. (Ағылшын)
- Xiaoyu H., Peixin Y., Zhengqing Z., Xiaoqing J. (2022) The Silk Road: Boosting the textile industry in Tang Dynasty // *Textile History*. (Ағылшын)

- Toktogulova D., Zhuang W. (2020) A critical analysis of the Belt and Road Initiative in Central Asia // *Central Asian Policy Review*. (Ағылшын)
- Normatov S. M. (2020) Analysis of new approaches to foreign economic relations of Sogdiana // *Sogdiana Economic Review*. (Ағылшын)
- Pulleyblank E. G. (1952) A Sogdian colony in Inner Mongolia // *Inner Asia Historical Studies*. (Ағылшын)
- Кунер Н. В. Chinese news about the peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East. – Москва, 1961. – С. 117–6. (Орыс)
- Мұқаметханұлы Н. (2010) Үйсін мемлекеті//Қазақ тарихының өзекті мәселелері. – Павлодар: Brand Print. 7–43 бб. (Қазақ)
- Акишев К. А. (1963) Древняя культура саков и усуней долины реки Или [Ancient culture of Saka and Usun in the Ili River Valley] – Алматы, 320 стр. (Орыс).
- Бартольд В. В. (1963) Очерк истории Семиречья (Essay on the history of Semirechye), Соч., т. II, ч. 1, – Москва, 104 стр. (Орыс).
- Мыңжан Н. (1993) Қазақтың көне тарихы (The ancient history of the Kazakhs) – Алматы: Жалын. 400 бет. (Қазақ).
- Сыма Цянь.(1997) Ши цзи (Records of the Grand Historian). – Beijing : Zhong hua shu ju. 1 т., – 854 б. (Қытай)
- Уалиханов Ш. (1865) Киргизский родословие [Kyrgyz genealogy]. // Санкт-Петербург. 148-166 стр. (Орыс).
- Ban Gu. Han Shu [Han History] // *Chronicle of the Han Dynasty*. (Қытай)
- Knutson S. A. (2020) Archaeology and the Silk Road model // *World Archaeology*. 52(4), pp. 619. <https://doi.org/10.1080/00438243.2021.1940268> (Ағылшын)
- Blaydes L., Paik C. (2020) Trade and political fragmentation on the Silk Roads: the economic effects of historical exchange between China and the Muslim East // *American Journal of Political Science*. 65(1), p. 115. <https://doi.org/10.1111/ajps.12541> (Ағылшын)
- Xiong J., Du P., Chen G., Tao Y., Zhou B., Yang Y., Wang H., Yu Y., Chang X., Allen E., Sun C., Zhou J., Zou Y., Xu Y., Meng H., Tan J., Li H., Wen S. (2022) Sex-biased population admixture mediated subsistence strategy transition of Heishuiguo people in Han Dynasty Hexi Corridor // *Frontiers in Genetics*. 13. <https://doi.org/10.3389/fgene.2022.827277> (Қытай)
- Jargalsaikhan T., Ryenchin S., Selenge T., Ulzii-Ochir N. (2024) Mongolian foreign trade history from the Silk Road // *Mongolian Diaspora Journal of Mongolian History and Culture*. <https://doi.org/10.1515/modi-2023-0004> (Ағылшын)
- Mir-Makhamad B., Mirzaakhmedov S., Rahmonov H., Stark S., Omelchenko A., Spengler R. N. (2021) Qarakhanids on the edge of the Bukhara Oasis: Archaeobotany of medieval Paykend // *Economic Botany*. 75, p. 195. <https://doi.org/10.1007/s12231-021-09531-6> (Ағылшын)
- Bin, Song. (2023) The social and cultural exchange and the conversions of different religions along the trade routes when the trading groups intermingled // *SHS Web of Conferences*. 163, 1033. <https://doi.org/10.1051/shsconf/202316301033> (Ағылшын)
- Wang G., Chen Q., Yang Y., Duan Y., Yang Y. (2022) Exchanges of economic plants along the land Silk Road // *BMC Plant Biology*. 22(1). <https://doi.org/10.1186/s12870-022-04022-9> (Ағылшын)
- G.I. S., Akeje K. (2021) Developmental historiography of the ancient Silk Road // *African Journal of Culture, History, Religion and Tradition*. 4(1), p. 69. <https://doi.org/10.52589/ajchrt-a7od6ndn> (Ағылшын)

References

- Winancy W. (2025) Heqin policy during the Western Han Dynasty contributed accidentally to the Silk Road trade development // *Communications in Humanities Research*. 56(1), p. 40. <https://doi.org/10.54254/2753-7064/2024.21068> (In English)
- Keyworth G. A. (2022) Did the Silk Road(s) extend from Dunhuang, Mount Wutai, and Chang'an to Kyoto, Japan? // In: *Silk Roads Studies*. https://doi.org/10.1163/9789004508446_003 (In English)
- Wang X., Zhao J. (2011) The cultural exchange between Sino-Western: Silk trade in Han Dynasty // *Asian Culture and History*. 4(1). <https://doi.org/10.5539/ach.v4n1p13> (In English)
- Liu C. (2024) The Silk Road: A modern analogy of globalization and cultural exchange // *Communications in Humanities Research*. 28(1), p. 140. (In English)
- Shulga P. I., Shulga D. P., Hasnulina K. A. (2021) Genesis of the Silk Road and its Northern directions // *Journal of Siberian Federal University Humanities & Social Sciences*. 14(8), pp. 1167. <https://doi.org/10.17516/1997-1370-0807> (In English)
- G.I. S., Akeje K. (2021) Developmental historiography of the ancient Silk Road // *African Journal of Culture, History, Religion and Tradition*. 4(1), p. 69. <https://doi.org/10.52589/ajchrt-a7od6ndn> (In English)
- Malkov A. (2014) The Silk Roads: a mathematical model // *Clodynamics The Journal of Quantitative History and Cultural Evolution*. 5(1). P. 10-22. (In English)
- Xiong J. et al. (2022) Sex-biased population admixture mediated subsistence strategy transition of Heishuiguo people in Han Dynasty Hexi Corridor // *Frontiers in Genetics*. P. 1-13. (In English)
- Luan S., Li Y., Ma X. (2025) Defense layout characteristics of Tang dynasty military sites in Aksu prefecture of China // *Tang Military Studies*. (In English)
- Komissarov S. A., Tang C., Soloviev A. I., Kudinova M. A. (2020) Silk Road as a space of Eurasian cultural communication and transmission // *Eurasian Cultural Communication*. (In English)
- Niazai M., Yar F. G. M. (2025) The Silk Road and Afghanistan: a nexus of trade, culture, and geopolitical exchange // *Central Asian Studies*. (In English)
- Xiaoyu H., Peixin Y., Zhengqing Z., Xiaoqing J. (2022) The Silk Road: Boosting the textile industry in Tang Dynasty // *Textile History*. (In English)

- Toktogulova D., Zhuang W. (2020) A critical analysis of the Belt and Road Initiative in Central Asia // *Central Asian Policy Review*. (In English)
- Normatov S. M. (2020) Analysis of new approaches to foreign economic relations of Sogdiana // *Sogdiana Economic Review*. (In English)
- Pulleyblank E. G. (1952) A Sogdian colony in Inner Mongolia // *Inner Asia Historical Studies*. (In English)
- Kuner N. V. (1961) Chinese news about the peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East // *Moscow*. p. 117-6. (In English)
- Muhamethanuly N. (2010) **The Usun State**. In: *Topical Issues of Kazakh History*. – Pavlodar: Brand Print, 2010. – pp. 7–43. (In Kazakh).
- Akishev K. A. (1963) Drevnyaya kultura sakov i usuney doliny reki Ili [Ancient culture of Saka and Usun in the Ili River Valley]. *Almaty*. P 320. (In Russian)
- Bartold V. V. (1963) Ocherk istorii Semirech'ya [Essay on the history of Semirechye] // “Collected Works, Vol. II, Part 1. – Moscow, 104 pp. (In Russian). (In Russian).
- Mingzhan N. (1993) Qazaqyń köne tarihy [The ancient history of the Kazakhs] // *Almaty*. “Almaty: Zhalyn Publishing. P. 400. (In Kazakh).
- Sima Qian. (n.d.) Shiji [Records of the Grand Historian]. Beijing : Zhong hua shu ju. 1 т., – 854 б. (In Chinese)
- Ualikhanov Sh. (1865) Kirgizskiy rodoslovie [Kyrgyz genealogy] // *St. Petersburg. 148-166* (In Russian).
- Ban Gu. Han Shu [Han History] // *Chronicle of the Han Dynasty*. (In Chinese)
- Knutson S. A. (2020) Archaeology and the Silk Road model // *World Archaeology*. 52(4), pp. 619. <https://doi.org/10.1080/00438243.2021.1940268> (In English)
- Blaydes L., Paik C. (2020) Trade and political fragmentation on the Silk Roads: the economic effects of historical exchange between China and the Muslim East // *American Journal of Political Science*. 65(1), p. 115. <https://doi.org/10.1111/ajps.12541> (In English)
- Xiong J., Du P., Chen G., Tao Y., Zhou B., Yang Y., Wang H., Yu Y., Chang X., Allen E., Sun C., Zhou J., Zou Y., Xu Y., Meng H., Tan J., Li H., Wen S. (2022) Sex-biased population admixture mediated subsistence strategy transition of Heishuiguo people in Han Dynasty Hexi Corridor // *Frontiers in Genetics*. 13. <https://doi.org/10.3389/fgene.2022.827277> (In Chinese)
- Jargalsaikhan T., Rynchin S., Selenge T., Ulzii-Ochir N. (2024) Mongolian foreign trade history from the Silk Road // *Mongolian Diaspora Journal of Mongolian History and Culture*. <https://doi.org/10.1515/modi-2023-0004> (In English)
- Mir-Makhamad B., Mirzaakhmedov S., Rahmonov H., Stark S., Omelchenko A., Spengler R. N. (2021) Qarakhanids on the edge of the Bukhara Oasis: Archaeobotany of medieval Paykend // *Economic Botany*. 75, p. 195. <https://doi.org/10.1007/s12231-021-09531-6> (In English)
- Bin, Song. (2023) The social and cultural exchange and the conversions of different religions along the trade routes when the trading groups intermingled // *SHS Web of Conferences*. 163, 1033. <https://doi.org/10.1051/shsconf/202316301033> (In English)
- Wang G., Chen Q., Yang Y., Duan Y., Yang Y. (2022) Exchanges of economic plants along the land Silk Road // *BMC Plant Biology*. 22(1). <https://doi.org/10.1186/s12870-022-04022-9> (In English)
- G.I. S., Akeje K. (2021) Developmental historiography of the ancient Silk Road // *African Journal of Culture, History, Religion and Tradition*. 4(1), p. 69. <https://doi.org/10.52589/ajchrt-a7od6ndn> (In English)

Авторлар туралы мәлімет:

Мұқаметханұлы Нәбижан – ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры. (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com);
Жазира Құрбанәлі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану кафедрасының докторанты. (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: zhazi1981@inbox.ru).

Information about the authors:

Nabizhan Muhametkhanuly – Professor, Department of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Honorary Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com);
Zhazira Kurbanali – Doctoral Student, Department of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhazi1981@inbox.ru).

Сведения об авторах:

Нәбижан Мұқаметханұлы – профессор кафедры востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, почетный академик НАН РК (Алматы, Казахстан, e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com);
Жазира Құрбанғали – докторант кафедры востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhazi1981@inbox.ru).

Келіп түсті: 27.09.2025

Қабылданды: 25.11.2025